

2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін Ресей Тарапының Қазақстан Тарапына жалгерлік ақының бір бөлігін 1999 жылғы кезең үшін тауарлармен төлеу жөніндегі есеп айырысудың тәртібі мен нысаны туралы келісімді және оған Хаттаманы іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1427

"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік ақының бір бөлігін 1999 жылғы кезең үшін тауарлармен төлеу мәселелерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазақстан темір жолы" ҰК" ЖАҚ) 65 000 000 (алпыс бес миллион) АҚШ доллары мөлшерінде STAND BY қайтарымсыз аккредитивін республикалық бюджетке төлеуге міндетті және STAND BY қайтарымсыз аккредитивін пайдалана отырып, шартты бағалар бойынша ресей рыногында ресей ұйымдары мен кәсіпорындарынан ресей тауарларын сатып алуды жүргізуге уәкілетті заңды тұлға болып анықталсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан тарабынан уәкілетті банк болып анықталсын.

3. "Қазақстан темір жолы" ҰК" ЖАҚ:

1) STAND BY аккредитивінің шеңберінде тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жалпы сомасы 65 000 000 (алпыс бес миллион) АҚШ долларына ресей рыногында ресей кәсіпорындары мен ұйымдарынан тауарлар мен қызметтерді сатып алуға шарттар жасасуды қамтамасыз етсін;

2) 65 000 000 (алпыс бес миллион) АҚШ доллары сомасына STAND BY аккредитивінің шеңберінде ашылған аккредитивтердің орындалуы туралы хабардар еткен күні Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен есеп айырысу жүргізісін ;

3) есеп айырысуларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақы төлеу күніне белгіленген ресми бағамы бойынша теңгемен жүргізісін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

осы қаулы күшіне енген күнінен бастап 30 күн ішінде Ресейдің Сыртқы экономикалық қызмет банкімен банкаралық келісім жасассын;

Ресейдің Сыртқы экономикалық қызмет банкінен STAND BY аккредитиві сомасының кемігендігі туралы растама алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін STAND BY аккредитивінің шотынан ақша алғандығы туралы жазбаша хабардар етсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, он күндік мерзімде Ресей тарабы мен Ресейдің Сыртқы экономикалық қызмет банкі Қазақстан тарабы уәкілеттік берген заңды тұлға мен оның деректемелері туралы жазбаша хабардар етсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазақстан темір жолы" ҰК" ЖАҚ-қа арналған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінде есеп айырысудың аккредитивтік нысанын пайдалана отырып, бюджетпен есеп айырысу үшін шот ашсын.

7. Ресейдің Сыртқы экономикалық қызмет банкі аккредитивтерді орындамаған және осының салдарынан оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орындаған жағдайда, "Қазақстан темір жолы" ҰК" ЖАҚ оларды орындауға байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шығыстарын өтейді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Александр Сергеевич Павловқа жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі